

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«01» ақпан 2016 жыл

### БЖЗК сайты жаңа форматта

2016 жылғы 1 ақпанда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) ресми интернет-сайты жаңа форматта [www.enpf24.kz](http://www.enpf24.kz) жұмыс істейді. Қор мамандары әзірлеушілермен бірлесе отырып, өз күштерімен сайтты түрлі жастағы пайдаланушылар үшін барынша атқарымды және көрнекті етіп жасауға тырысып бақты.

«Бұрынғы сайттағы ақпаратты сақтай отырып, өз салымшыларымыз үшін БЖЗК корпоративтік стиліне сай келетін көрнекті дизайн ғана емес, Қордың барлық қызметі бойынша анағұрлым түсінікті бағыт сілтегіш жасадық. Біз сайтты клиенттердің қажеттілігі негізінде ыңғайлы қызметтер жасай отырып құрылымдадық. Іске қосқан соң да порталды жақсарту жолында белсене жұмыс істеу жалғасын табады. Атап айтқанда, жаз аяғына қарай жанартылған «Жеке кабинет» пен жетілдірілген зейнетақы калькуляторы болады. Мұның барлығының салымшыларымызға қызмет көрсету деңгейін көтеруге мүмкіндік беретіні сөзсіз», - дейді «БЖЗК» АҚ басқарушы директоры Дабыр Медетбеков.

Жаңа сайттың бағыт сілтегіш мәзірі негізгі бес бөлімнен тұрады: «Қор туралы», «Зейнетақы жүйесі туралы», «Қызметтер», «Электрондық қызметтер» және «Байланыстар». Сайттың әр блогы Қор салымшыларына арналған ұсыныстармен, Қор туралы ресми деректермен ғана емес, зейнетақы реформасы туралы мәліметтерді және Қазақстан зейнетақы жүйесі мен БЖЗК дамуының тарихи аспектілерін көрсететін өзекті ақпаратпен толтырылды. Филиалдар орналасқан қалалардың барлығындағы филиалдардың интерактивтік картасы сияқты салымшылар сұранысына ие қызметтер пайда болды. Басты бетте БЖЗК қызметтеріне арналған бөлімдер көзге көрнекті етіп белгіленген, онда кірген әрбір адам зейнетақы жүйесі туралы барынша толық ақпарат алып, қажет құжаттарды жүктеп ала алады.

Сонымен қатар сайттың жаңа нұсқасы «Онлайн-консультант» қызметімен ерекшеленеді, онда кез келген салымшы Байланыс орталығының маманына зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты сұрақтар қоя алады. Сайттың заманауи графикасы мен түсінікті пайдаланушылық интерфейсі біздің салымшылар мен әлеуетті салымшыларға қолжетімді әрі ыңғайлы нысанда қажет ақпарат алуға мүмкіндік береді.

[www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтының жақсарту жұмысы жалғасуда. Тілектеріңіздің барлығын мына жерде (белсенді сілтеме) қалдыра аласыз. Біз салымшылармен БЖЗК онлайн сұхбатын тартымды, түсінікті әрі ыңғайлы ету үшін ескертудің барлығын міндетті түрде ескереміз.

#### **Анықтама:**

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. «БЖЗК» АҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін көтеру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.*

*Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы  
БАҚ үшін байланыстар: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)